

**Ш.Үәлиханов атындағы орта мектеп бойынша 2018-2019 оқу жылындағы оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы**

**Хабарлама**

Аудандық білім беру бөлімінің 2018 жылдың 29 тамызындағы № 461 санды бүйрығына сүйеніп мектепшілік көп балалы отбасы балалары ,әл ауқаты төмен және ата-ана қамқорлығының қалған балалардың ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі жасақталды. Салауатты тамақтану-организмнің қалыпты өсуі мен дамуы, оқушылардың денсаулығын нығайту мен тиімді білім алу қабілетін арттырудың алғышарты болып табылады. Өзіне деген сенімділік, окудағы табыстар, зейін қою мен есте сақтау қабілеті тағам рационына тікелей байланысты. Балаларға, әсіреле, мектеп ұйымдарында ыстық тамақты ұйымдастыру үлкен маңызға ие.

Барлығы мектеп бойынша 434 оқушы тамақтануда. Тамақтану соммасы бір оқушыға бір күнге 235,20 теңгені құрайды. Оның 419 бастауыш сынып № 159 ерекшелік арқылы тамақтанса, әл-ауқаты төмен әлеуметтік жағдайы орташа отбасы балаларының 15 оқушысы Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан № 163 ерекшелік арқылы тамақтануда.

Буфет арқылы тамақтанатын оқушы саны -400. Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін жеке кәсіпкер Р.Кубашева "ИП Кубашева" жұмыс жасауда. Бастауыш сыныптар бойынша I ауысымда 222 оқушы, II ауысымда 197 оқушы тамақтанады.

Мектеп оқушыларын жалпыға бірдей міндетті білім қорынан ыстық тамақпен қамтамасыз ету барысында төмендегі құжаттарды басшылыққа алынды.

**Қазақстан Республикасының 2012 жыл 22 ақпандағы № 255 Қаулы.**

Тамақтанатын оқушылар 5-9 сынып аралығында. Оның ішінде:

<b>№</b>	<b>Әлеуметтік жадайы</b>	<b>Бала саны</b>
1.	Жетім	-
2.	Қамқорлыққа алынған	1
3.	ж/жетім	7
4.	Жалғыз басты	-
5.	Көп балалы	1
6.	Аз қамтылған	6
<b>Барлығы:</b>		<b>15</b>

Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан тамақтанатын 15 оқушының I ауысымда -9 оқушысы, II ауысымда-6 оқушысы тамақтанады.

Әр оқу жылында тамақтану шарасымен бүйрықтары жасақталынып, бекітіледі. Тамақтану мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі және кестесі бойынша жүргізіледі.

ҮІстық тамақтың сапасын және ұйымдастырылуына бақылауды мектеп медбикесімен әлеуметтік педагог жүзеге асырады.

Оқушылардың тамақты уақытылы және сапалы ішүі қадағаланады тексеріледі. Уақытылы медбике тамақтану пробасын алыш, прокераждық журналға тіркеп отырады. Ата – ана тарапынан ешқандай шағым жок.

Дайындаған:  
С.Избасарова